САРҚАН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

БҰЙРЫҚ № 112

Сарқан қаласы «31» 08 2026 жыл

2026–2027 оқу жылындаҚамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібіне (3-қосымша, қолданыстағы редакция) сәйкес

1. Қамқоршылық кеңеспен колледждің өзара іс-қимылын ұйымдастыру директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Омирбековаға жүктелсін.

2. А. Омирбекова кеңестің алғашқы отырысын өткізу үшін үй-жай, байланыс және қажетті материалдарды дайындауды қамтамасыз етсін. Алғашқы отырыстың күн тәртібіне төраға мен хатшыны сайлау және 2026 - 2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау мәселелерін ұсынсын.

3. Кеңеске берілетін колледждің өзекті мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әкімшілік мүшелері дайындасын: білімгерлерді әлеуметтік қолдау, оқу ортасы мен материалдық базаны жақсарту, жұмыс берушілермен серіктестік және қауіпсіздік.

4. Кеңес отырыстарына қажетті анықтамалар мен есептерді жауапты қызметкерлер уақтылы дайындасын. Хаттамалар мен қабылданған шешімдер бойынша колледжге жүктелген тапсырмалар жеке бақылауға алынсын.

5. Кеңестің бекітілген құрамы мен қызметі туралы жарияланатын ақпаратты колледждің ресми интернет-ресурсына орналастыруға жауапты қызметкер Банахович К.И. болып белгіленсін. Жариялау кезінде дербес деректердің қорғалуы қамтамасыз етілсін.

6. Іс жүргізуге жауапты қызметкер (хатшы) Нусупова М.Ж. осы бұйрықпен тиісті қызметкерлерді қол қойғызып таныстырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор _____ Е.Е. Дармишев

Бұйрықпен таныстым:

А. Омирбекова _____

М.Ж. Нусупова _____